

Сырым аудандық мәслихатының "Сырым ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2023 жылғы 18 қазандағы № 10-4 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Батыс Қазақстан облысы Сырым аудандық мәслихатының 2023 жылғы 21 желтоқсандағы № 15-7 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 25 желтоқсанда № 7304-07 болып тіркелді

Сырым аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сырым аудандық мәслихатының "Сырым ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" 2023 жылғы 18 қазандағы №10-4 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7272-07 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешімімен бекітілген Сырым ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

2-тараудың 7-тармағының 1)-тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

"1) ауруын дәлелдейтін анықтамаға сәйкес емделудің амбулаторлық кезеңіндегі туберкулезбен ауыратын тұлғаларға табыстарын есепке алмай 10 (он) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде, ай сайын;"

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сырым аудандық мәслихат төрағасы

Ш.Дуйсенғалиева